



Гимназиядағы психологиялық қызметтің
2024-2025 оқу жылының жылдық есебі

№ 51 гимназияда психологиялық қызметті 2 психолог маман жүргізеді:

1. Хусаннова Гулсезим Сериккалиевна - білімі-жоғары, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, педагог-психолог, еңбек өтілі- 6 жыл.

2: Садриева Шынар Талғатқызы - білімі жоғары, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, психолог, еңбек өтілі – 8ай.

Гимназияда психологиялық қызмет негізі келесі бағыттар бойынша жүзеге асты:

I. Диагностика бағыты бойынша: Қыркүйек айында 1-класс білім алушыларының бейімделуін зерттеу мақсатында Керн Иерасек әдістемесін алдық. Әдістемеге 230 білім алушы қатысты. Жоғары -74 оқушы - 32,1%, орташа деңгей - 104 оқушы - 45,2%, төмен деңгей -52 оқушы 22,7% құрады. 5-класс білім алушыларының орта буынға бейімделуін зерттеуде Лускановтың оқу мотивациясы тесті алынды. Тестке 178 оқушы қатысты. 5-класс білім алушыларын диагностикалау нәтижесінде бейімделуі жоғары - 103 оқушы – 58%, орташа - 73 оқушы - 41%, төмен-2 оқушы 1% анықталды. Диагностика нәтижесі бойынша, 5-сынып оқушыларының бейімделу деңгейі қалыпты. 10-класстың бейімделу деңгейін анықтауда жоспар бойынша Н.Г.Лусканов әдістемесі өткізілді. Диагностика нәтижесі: жоғары – 81 оқушы 60%, орташа- 52 оқушы 37%, төмен –4 оқушы 3%. 1,5,10 класс жетекшілеріне зерттеу қорытындылары таныстырылды. Бейімделуі төмен білім алушылармен жеке жұмыстар, дамытушылық-түзетушілік жұмыстар жасалынуда. Айзенк әдістемесі арқылы 8-11 класс білім алушыларының психикалық күйі анықталды. Жалпы –612 білім алушыдан 19 білім алушы зерттеуге қатыспады. Оның ішінде ата-анасы зерттеу жұмысына қарсы – 16. 3 оқушы ерекше білімді қажет ететін оқушы. Зерттеуге 593 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша “тәуекел топтағы” оқушы алынбады. Қараша айында 5-6 класс білім алушыларына Филипстің мазасыздықты анықтау тесті өткізілді. Барлығы 348 білім алушы, соның ішінде 6 оқушының ата-анасы зерттеу жұмысына қарсы. Зерттеуге 342 білім алушы қатысты, мазасыздық деңгейі қалыпты. 7 класс білім алушыларынан Кондаш әдістемесі алынды, барлығы -194 білім алушы, оның ішінде -1 оқушының ата-анасы зерттеу жұмысына қарсы. Зерттеу жұмысына 193 оқушы қатысты нәтижесінде білім алушылардың мазасыздық деңгейі қалыпты. III-тоқсанда 8-11 класс оқушыларына Спилбергер сауалнамасы жүргізілді. Диагностика нәтижесі бойынша 2 оқушы «тәуекел тобына» есепке алынды. IV –тоқсанда 4-класс оқушыларына Э.Ф.Замбакавичене әдістемесі жүргізілді. Жалпы саны- 158 диагностика жасалды.

II. Түзету-дамыту жұмысы 1,5,10 класс білім алушыларының мектепке жағымды бейімделуін дамытуға, мектепшілік ерекше назардағы балаларға, есепте, тәуекел топта есепте тұрған білім алушыларға топтық, жекелік түзету-дамыту жұмысы жүргізілді. Өзара қарым-қатынасты, ауызбіршілікті нығайту, жағымды ахуал қалыптастыру мақсатында гимназияның 1-11 класс білім алушылары мен педагогтары арасында психологиялық акция «Шоколад күні», 4 класс оқушыларының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар жүргізілді Т.В.Артемова бойынша. (4-сынып), «Кел, танысайық (8-11 сынып); , «Бірінші рет 5- сыныпқа» жаттығуы (8 сынып); , «Ауызбіршілік пен ұйымшылдық» тренингі (11 сынып);, «Қарым-қатынасты жақсарту», «Агрессия жок, деп айт!» тақырыбында кеңес, тренингтер (8-11 сынып);, «Дос болайық бәріміз» психологиялық ойын, «Достық-татулық бастауы» (9,11 сынып), «Достық-татулық кілті», «Стресс және дағдарыс», «Тимбилдинг», «Өз-өзіне сенім арттыр», «ҰБТ дегеніміз және оның маңыздылығы» психологиялық тренингтері (5-11 сынып); оқушыларымен тренингтер жүргізілді 1-4 класс білім алушыларына «Сенім шырақшылары» үйірмесі мүшелерімен бірлесе «Көңілді қонырау» жаттығулары жүргізілді. «Тәуекел» топ, мектепшілік есептегі және ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен топтық және жеке түзету-дамыту сабақтары жүргізілді. Жалпы саны- 73 түзету-дамыту жұмысы жүргізілді.

III. Профилактика және психологиялық ағарту. Буллингтің алдын алу бойынша 2024-2025 оқу жылына бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Жоспар құруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсанындағы № 506 бұйрығы басшылыққа алынды. “Баланың басты ұстазы - ата-ана” тақырыбында ата-аналарға арналған кездесу ұйымдастырылды. Класс жетекшілерге (78 класс жетекші) “Сақ болыңыз, буллинг!” тақырыбында жадынама таратылып, ақпараттармен таныстырылды. 7-11 класс білім алушыларына «Құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында сауалнама өткізілді. “Буллингтің, кибербуллингтің, зорлық зомбылықтың алдын-алу” тақырыбында топтық-психологиялық дәріс өткізілді. 5-7 класс білім алушыларына «Stop Bullying. Бәрі сенің қолыңда» тақырыбында тренинг өткізілді. 4-класс ата-аналарымен “Сапалы ұйқы балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы” тақырыбында тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды. Класс жетекшілерге (78 класс жетекші) “Зорлық-зомбылыққа жол берме!” тақырыбында жадынама таратылып, ақпараттармен таныстырылды. 6-7 класс қыз балаларына мектеп психологы “Репродуктивті денсаулықтың

